

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2016 жылға және 2017-2019 жылдар аралығындағы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамын әзірлеу үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалды сандық мәндерін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 26 шілдедегі № 85 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 14 қосымша) 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2016 жылға және 2017-2019 жылдар аралығындағы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамын әзірлеу үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалды сандық мәндері бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2015 жылға және 2016-2018 жылдар аралығындағы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамын әзірлеу үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалды сандық мәндерін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 тамыздағы № 97 шешімінің 1-тармағының күші жойылды деп танылсын

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

К. Минасян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 шілдедегі
№ 85 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2016 жылға және 2017-2019 жылдар аралығындағы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамын әзірлеу үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалды сандық мәндері

	Өлшем бірлігі	Болжам			
		2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1. Өлемдік экономиканың					

даму қарқыны болжамының интервалды сандық мәндері (сатып алу тепе-теңдігі бойынша есептеу)	өткен жылға пайызбен	3,1 – 3,6	3,3 – 3,9	3,4 – 3,9	3,4 – 3,9
2. Brent маркалы мұнай бағасы болжамының интервалды сандық мәндері	барреліне АҚШ долларымен	30,0 – 52,0	35,0 – 57,0	35,0 – 60,0	35,0 – 65,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК